өсімдіктерді зиянкестер мен аурулардан қорғауға, өнім сапасы мен сақталуын арттыруға, сондай-ақ қоршаған ортаға түсетін жүктемені айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді. Тұқымдарды отырғызуға сапалы дайындау жоғары өнім алуға, өсірілетін дақылдардың сапасы мен жалпы өнімділігіне тікелей әсер етті. Тұқымдарды егуге дайындау жылдың кез келген мезгілінде және әртүрлі ауа райы жағдайларында жүргізілді. Ағаштардан тұқым алу жалпы қабылданған технология бойынша қылқан жапырақты өсімдіктердің тұқымдары 1000 дана массасынан анықталды. Алғашқы төрт параметр 25 жаңғақта, соңғы екеуі 4 жемістен анықталды. Алма ағашында жемістердің салмағы және алынған 1000 тұқымның массасы анықталды. Өлшеу штангенциркульмен 0,1 мм дейінгі дәлдікпен, өлшеу – 0,1 г дейінгі дәлдікпен таразыда жүргізілді. Тұқымдарды сақтау және егу алдындағы дайындық ұсыныстарға сәйкес жүргізілді [Скозырева, 2019: 83–87]. Қылқан жапырақты өсімдіктердің тұқымдары бөлме температурасында 12 сағат суға малынып қойылды, ал жаңғақ тұқымдары 15-18°C ағынды суға 3-8 күн немесе жаңғақ жапырақтары ашылғанға дейін малынды; алма мен орман жаңғағы тұқымдары стратификацияланды. Қалемшені тамырландыру бойынша тәжірибелер келесі өсімдік түрлерімен жүргізілді: Шренк шыршасы, еуропалық шырша, тікенекті шыршасы. Сыналатын түрлердің қалемшелерін тамырландыру үшін корневин, корнерост, ККМ-1 және циркон сияқты стимуляторларды қолдана отырып және қолданбай жүргізілді [Кабанова и др., 2019: 104–117]. Сыналатын түрлердің қалемшелерін тамырландыру тәжірибелерінде қалемшені дайындау және отырғызу мерзімі, тамыр стимуляторларының тиімділігі зерттелді. Өсуді тездететін стимуляторларды қолдана отырып, негізгі орман құрайтын тұқымдарды (Шренк шыршасы) тұқымымен көбейту әдістемесін жетілдіру. Таңдап алынған ағаштарды түр ерекшеліктеріне сәйкес вегетативтік жолмен көбейту әдістемесін жетілдіру. Зерттеу кезеңі аралығында бөлінген түрлердің қалемшесін тамырландыру бойынша жұмыстар жүргізілді (1,2,3-кесте).

Қалемшелер шілде айының екінші немесе үшінші онкүндігінде теңіз деңгейінен 1500 м биіктікте “Солдатсай” және “Кіші Алматы” шатқалдарынан жиналды және қалемшелерді отырғызу, күту, оларды бақылау жұмыстары төмендегі «Республикалық орман селекциялық-тұқым өсіру орталығы» РМҚК-ның «Оңтүстік-Шығыс өңірі» филиалына қарасты жылыжайда жүргізілді. Қалемшені отырғызғаннан кейінгі бірінші маусымда тамыр стимуляторларын қолданғанның өзінде өсімдіктердің сақталуына айтарлықтай оң әсер етпегенін көрсетеді. Бұл барлық ағаш түрлерінде байқалды.

Зерттелген ағаш және бұталы өсімдіктердің маусымдық даму динамикасын сипаттау үшін 3 жыл қатарынан (2022-2024 ж.ж.) бақылаулар «Солдатсай» шатқалының 19 (22 және 58-ші телімдерінде) және 39 кварталдарында жүргізілді. Бұл деректер зерттелген ағаш түрлерінің биологиялық процестері негізінен зерттеу аймағының экологиялық және ауа-райы жағдайларына сәйкес келетіндігін көрсетеді.

Зерттелген ағаш және бұталы өсімдіктердің маусымдық даму динамикасын сипаттау үшін 3 жыл қатарынан (2022-2024 ж.ж.) бақылаулар «Солдатсай» шатқалының 19 (22 және 58-ші телімдерінде) және 39 кварталдарында жүргізілді. Бұл деректер зерттелген ағаш түрлерінің биологиялық процестері негізінен зерттеу аймағының экологиялық және ауа-райы жағдайларына сәйкес келетіндігін көрсетеді.

Бұл жұмысқа қажетті тұымды сапасын тексерту үшін алдын-ала “Қазақ мемлекеттік республикалық орман тұқымы мекемесіне” жіберіліп, қажетті құжаттар алынды. Тұқым сапасы (өңгіштігі, өну энергиясы, тазалығы, салмағы 1000 дана) анықталып, ол II классқа жатты. Өскіндердің немесе көшеттердің орналасу ошақтары пайда болған соң егістіктер дереу 0,15 % формалин немесе 0,4 % ТМДТ ерітіндісімен өңделді. Жыл сайынғы көшеттерді үсіктен қорғау үшін 2-3 см қабаты бар үгінділермен (апикальды бүршікке дейін) жабамыз. Көшеттердің тіршілік ету деңгейі қолданылған барлық стимуляторлар бойынша салыстырмалы болды және шамамен 90% құрады. Сондықтан, тіршілік ету деңгейі математикалық және статистикалық деректерді өңдеу кезінде ескерілмеді. Жылыжай және ашық топырақ жағдайында биостимуляторлардың 3 түрін себу алдында өңдей отырып, “Орман” өндірістік бөлімшесінің “Солдатсай” орман питомнигінде Шренк шыршасының тұқымын себу бойынша тәжірибелер жасалды. Кореялық суда еритін Deltaspray тыңайтқышымен көшеттерді тамырына және тамырдан тыс бүрку жүргізілді. Өлшемдер сабақ ұзындығына, тамыр ұзындығына, ылғал сабақ салмағына, ылғал тамыр салмағына, құрғақ сабақ салмағына және құрғақ тамыр салмағына негізделіп алынды, таразыланды және өлшенді. Тұқымдарды өсу стимуляторларымен өңдеу стандартты отырғызу материалын дайындау мәселесі толығымен зерттелді. Өсу және тіршілік ету қабілетінің нәтижелері бақылаудың 7 және 15 күндері ГОСТ стандартына сәйкес анықталды.

Кесте 1 – Жылыжайда жасанды суару мен тамырлануды тездететін стимуляторларды қолданған

кездегі қалемшелердің орташа тамырлану көрсеткіші (2022 ж.)

Аталуы	Өлшем бірлігі	Отырғызылған қалемшелер	Қалемшелердің сақталуы							
			Бақылау (өңдеусіз)	Корнерост 12 сағат	Корнерост 24 сағат	Корневин 12 сағат	Корневин 24 сағат	ККМ-1 препараты	Циркон	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Тікенді шырша	шт.	150 x 7	98	85	79	96	98	95	97	648
	%	100	65,3	56,6	52,6	64	65,3	63,3	64,6	61,6
Еуропа шыршасы	шт.	150 x 7	73	78	75	72	70	76	62	506
	%	100	48,6	52	50	48	46,6	50,6	41,3	48,5
Шренк шыршасы	шт.	150 x 7	84	83	78	90	88	84	87	594
	%	100	56	55,3	52	60	58,6	56	58	56,5

Кесте 2 – Жылыжайда жасанды суару мен тамырлануды тездететін стимуляторларды қолданған кездегі қалемшелердің орташа тамырлану көрсеткіші (2023 ж.)

Аталуы	Өлшем бірлігі	Отырғызылған қалемшелер	Қалемшелердің сақталуы							
			Бақылау (өңдеусіз)	Корнерост 12 сағат	Корнерост 24 сағат	Корневин 12 сағат	Корневин 24 сағат	ККМ-1 препараты	Циркон	Барлығы
Тікенді шырша	шт.	90x7	65	56	61	62	69	54	64	413
	%	100	72,2	62,2	67,7	68,8	76,6	60	71,1	68,3
Еуропа шыршасы	шт.	90x7	64	67	58	56	62	60	57	424
	%	100	71,1	74,4	64,4	62,2	68,8	66,6	63,3	67,2
Шренк шыршасы	шт.	90x7	66	68	63	68	65	61	63	454
	%	100	73,3	75,5	70,0	75,5	72,2	67,7	70	72,0

Кесте 3 – Жылыжайда жасанды суару мен тамырлануды тездететін стимуляторларды қолданған кездегі қалемшелердің орташа тамырлану көрсеткіші (2024 ж.)

Аталуы	Өлшем бірлігі	Отырғызылған қалемшелер	Қалемшелердің сақталуы							
			Бақылау (өңдеусіз)	Корнерост 12 сағат	Корнерост 24 сағат	Корневин 12 сағат	Корневин 24 сағат	ККМ-1	Циркон	Барлығы
Тікенді шырша	шт.	90x7	65	56	61	62	69	54	64	431
	%	100	72,2	62,2	67,7	68,8	76,6	60	71,1	68,3
Еуропа шыршасы	шт.	90x7	64	67	58	56	62	60	57	424
	%	100	71,1	74,4	64,4	62,2	68,8	66,6	63,3	67,2

Шренк шыршасы	шт.	90×7	56	58	53	58	65	60	62	412
	%	100	62,2	64,4	58,8	64,4	72,2	66,6	68,8	65,3

Екі жылдық көшеттерге арналған стандартты отырғызу материалының морфологиялық параметрлері ГОСТ стандартына сәйкес бағаланды. Көшеттердің тіршілік ету деңгейі қолданылған барлық стимуляторлар бойынша салыстырмалы болды және шамамен 90 % құрады, сондықтан алынған нәтижелер математикалық және статистикалық өңдеу кезінде тіршілік ету коэффициенті ескерілмеді.

Сондай-ақ, жыл бойына жылыжай және ашық топырақ жағдайында шыршаның өскіндерінің далалық өнгіштігі, жерсінуді және өсуі анықталды. Келесі жылдарда алаң бірлігінен стандартты материалдың шығымы анықталды. Тәжірибе нұсқалары бойынша біржылдық көшеттер өсуінің сандық көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жүргізілді.

Егу алдында тұқымдарды өңдеу ауыл шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірудегі маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Тұқымның өзінде екпенің генетикалық материалы ғана емес, сонымен қатар әртүрлі зиянкестер мен түрлі ауруларды тарататын заттардың көп мөлшері бар. Сонымен қатар, тұқымдарды егу алдындағы өңдеу, өсімдіктерді әртүрлі зиянкестерден қорғауға, өнімді сақтауға және қоршаған ортаға түсетін жүктемені едәуір азайтуға мүмкіндік береді. Осылайша, тұқымдарды отырғызуға дайындау жоғары өнім алуға, өсірілетін дақылдардың сапасына және өнімділікке толық әсер етеді. Тұқымдарды егуге дайындау жылдың әр мезгілінде, әр түрлі ауа-райында болуы мүмкін, бұл оның сапасы мен оң қасиеттеріне әсер етпейді. Тұқымдарды себу алдында паразиттерден немесе қоздырғыштардан қорғайды, осылайша олардың өміршеңдігін арттырады. Себу алдында өңдеу іс-шарасы әртүрлі, бірақ көздейтіні тек бір ғана мақсат – ол өнімділігін арттыру тәсілдері. Шренк шыршасының бүрлерін жинау қолмен жүзеге асырылады. Бүрлерді ашылғанға дейін, қысқа мерзімде өсіп тұрған ағаштардан жинаушы баспалдақтың көмегімен немесе ұшар басында орналасқан соқпақтар бойынша жинайды. Бүрлерді қолмен жұлып алады немесе тік беткейде тасымалды тік шымылдығын ұстай отырып, бүршік түсіргіштермен жинайды. Тұқымды бүрлерден күн кептіргіштерде немесе өзге де бүр кептіргіштерде 50°C температурада алады, жиналған тұқымдар сулау арқылы немесе қолмен қанатсыздандырылады. Тұқымдар ылғалдылығы 6-7,5 % болған кезде 3-4 жыл бойы бітелген герметикалық бөтелкелерде сақталады.

Қалемшелердің қауіпсіздігі мен тәжірибелі түрлер арасындағы байланыс айқын байқалады. Стимуляторларды (бақылау) қолданбай қалемшелердің сақталу деректерін талдау кезінде шыршалардың орташа сақталуы тікенді шыршада 63,8 %-ды құрады. [Смирнова и др., 2012: 36–42; Досманбетов и др., 2020: 58–63]. Осылайша, орташа есеппен есепті кезеңде қылқан жапырақты ағаштардан тікенді шырша қалемшелері жақсы сақталды (кесте 4).

Кесте 4 – Жерсіндірілген және табиғи өсіп жатқан ағаштардың орташа таксациялық көрсеткіштері

Рет №	Түр атауы	Жасы, жыл	Биіктігі, м	Дің диаметрі, см	Бір жылда өскен өсімі, см	Жасыл желек диаметрі, м	
						С-О	Ш-Б
Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Талғар филиалы, «Солдатсай» шатқалы							
1	Сиверс алмасы	70	8	32	30	5,5	4,5
2	Недзвецкий алмасы	65	8	28	25	3,0	4,0
3	Шренк шыршасы	100	19	44	30	8,0	4,0
4	Грек жаңғағы	45	7	24	20	4,5	5,5
5	Орман жаңғағы	40	5	20	28	4,5	4,0
Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Кіші Алматы орманшылығы							
6	Еуропалық шырша	48	18	50	30	1,0	1,0
7	Тікенекті шырша	40	25	100	15	1,7	1,7
8	Банкс қарағайы	45	10	15	30	3,5	3,5
9	Кәдімгі қарағай	50	18	32	40	4,5	3,5

2024 жылдың күзіне қарай қалемшелерде каллустың пайда болуы байқалмады, нәтиже өткен

жылмен бірдей.

2022 жылы тамырланған қалемшелердің қатарына тікенді шырша енді, Корневинмен 24 сағат өңдеуде (максималды саны) – 65.3 %; 52,6 % – бақылауда және Цирконмен өңдеуде; 64.6 % – Корнеростпен өңдеуде (өңдеу уақыты 24 сағат); Корневинмен (12 сағат) – 64.0 %, Корнерост (өңдеу уақыты 12 сағат) – 56,6 %, ККМ-1 – 63,3 % препаратымен тамырлануға қол жеткізілді. Біздің зерттеулеріміз әртүрлі өсу стимуляторларын қолданған кезде 3 жыл ішінде ашық жерде Шренк шыршасының стандартты көшеттерін алуға болатындығын дәлелдеді.

Іле Алатауы тауларында түрлерді сынау үшін ұсынылған табиғи және жасанды екпелерді барлап тексеру нәтижесінде олардың өсу учаскелері бөлініп, сипатталды, одан әрі бақылау және көбейту үшін іріктелген өсімдіктердің негізгі параметрлері анықталды.

Әрі қарай зерттеп, көбейту үшін таңдалып алынған ағаш түрлері учаскелерінің сипаттамасы мен орташа таксациялық көрсеткіштері келтірілді.

Барлық ағаштар теңіз деңгейінен 1450-1510 м биіктікте орналасқан “Солдатсай” шатқалындағы беткейдің төменгі бөлігінде және Іле Алатауы ұлттық паркінің орман тұқымбағы тұрған Кіші Алматы шатқалындағы таудың шығыс беткейінің ортасында тегіс террасада орналасқан. Дәл сол жерде тұрақты орман тұқымбағы орналасқан. Тәжірибелік учаскеде шырша ағаштарының өсу ерекшеліктері мен экологиялық жағдайларға бейімделуі зерттелді (сурет 1).



Сурет 1. Тәжірибе жасалған тұқымбақтың жалпы  
 [Fig.1. The total number of experimental seedbeds]

Зерттеу нысандарын картадан анықтау кезінде Шренк шыршасының таралу аймақтары мен өсу ерекшеліктері талданды. Карта материалдарын пайдалану арқылы зерттеу нысандары ретінде Шренк шыршасы өсетін аумақтар анықталды. Зерттеу барысында карта негізінде Шренк шыршасының табиғи таралу аймақтары белгіленіп, зерттеу нысандары нақтыланды. Зерттеу нысандарын картадан анықтау кезінде Шренк шыршасының өсетін орман алқаптары мен экологиялық жағдайлары қарастырылды(сурет 2).



Сурет 2. Зерттеу нысандарын картадан анықтау кезі  
 [Fig.1. It is time to identify the research objects on the map]

Осы маңайда өсірілген жоғарыда аталған түрлердің жасы әртүрлі, яғни шыршаның жасы 100 жылдай болса, алма ағаштарының жасы 65-70 жас шамасында. Ал, жаңғақтардың жасы 45-50 жылдай. Кіші Алматы орманшылығы территориясында жерсіндірілген қылқан жапырақтылардың жасы 40-50 жас аралығында, яғни жас ағаштар. Бір жылдағы өсімі 15 см-ден 40 см-ге дейін жетеді. Биіктігі де 10-25 м аралығында ауытқыды. Ашық жерге тәжірибе жасау жұмыстары ауа-райының жаңбырлы болуына байланысты жоспарлаған уақыттан бір апта кешігіп жүргізілді. Тәжірибелік учаскенің, яғни тұрақты тұқымбақтың координаттары төмендегідей: N 43 143 300; E 076 81 5860; теңіз деңгейі биіктігі 1418 м. Тәжірибелік учаскенің көрінісі зерттеу нысандарының орналасуы мен олардың өсу жағдайларын толық сипатталды. Тәжірибелік учаскенің көрінісі бойынша өсімдіктердің таралу ерекшеліктері мен даму деңгейін анықтауға болады. Тәжірибелік учаскенің көрінісі зерттеу нәтижелерін бағалауда маңызды ақпарат ретінде алынды. Тәжірибелік учаскенің көрінісі арқылы шырша ағаштарының өсу қарқыны мен морфологиялық белгілерін бақылауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында тәжірибелік учаскенің көрінісінде шырша ағаштарының таралуы, өсу қарқыны және морфологиялық ерекшеліктері айқын байқалып, олардың өсу жағдайларын жан-жақты бағалауға және қолданылған агротехникалық шаралардың тиімділігі анықталды (Сурет 3).



Сурет 3 – Тәжірибелік учаскенің көрінісі [Figure 3 – View of the experimental site]

Тұқым себілетін учаскені алдымен күрекпен аударып, оны тырмалап алғаннан кейін маркермен белгілеп, өлшемі 1,5 м x 1 м болатындай жерді (1- бақылау, 3 стимуляторлармен) төртке бөліп, қалған жұмыстардың бәрі технологиялар бойынша жүргізілді.

Биопрепараттар мен тыңайтқыштардың көмегімен сеппелердің тамырын және тамырдан тыс мүшелерін бүрку арқылы қоректендіру. Маусым-тамыз айларында «Солдатсайдағы» орман тұқымбағындағы ашық жерде және жылыжай жағдайында фитобацирин, Гуми-К, Нематофагтық саңырауқұлақ сияқты стимуляторлармен себілген сеппелерді қосымша қоректендіру мақсатында бір мезгілде тамырдан және тамырдан тыс мүшелеріне қоректендіру енгізілді. Қоректендіру іс-шарасы корейлық суда еритін Deltaspray тыңайтқышымен (2 литр суға 1 г тыңайтқыш) жасалынды. Келесі қоректендіру және аптасына бір рет суару 7 күн сайын жүргізілді.

### **Қорытынды.**

Зерттеу жүргізген Солтүстік Тянь-Шанның беткейлеріне қатты дауылдардың алдын-алу үшін орташа бөлігінде Шренк шыршасы, қотыр қайың, кәдімгі қарағай, долана, өрік, алша сияқты өсімдіктер анықталды. Беткейдің төменгі бөлігінде ылғалдың мол болуы ағаш-бұталы өсімдіктер түрлерін өсіру үшін экологиясы анықталды. Сібір майқарағайын, сібір балқарағайын, грек жаңғағын, алмұртты, бөрікарақаттарда дәлелденді. Эрозияға ұшыраған тұстарды ормандандыру үшін тамыр атпасымен тез көбейетін көктерек сияқты ағаш отырғызылды. Таудағы қар көшкіндерінің жиналып қалатын жерлерінде, ерекше жағдай болғандықтан, бұл жерге алдымен тал, тобылғыны отырғызу қажет. Ары

қарай, біраз бекітілгеннен кейін қылқан жапырақтыларды отырғызуды бастауға болады. Жер бедерінің элементтері бойынша жеміс ағаштарының бөлінуі төмендегідей болады: су айырықтарында, жалдарда және қатты қалыпты оқшауланған беткейдің барлық бөліктерінде – кәдімгі сары өрік, долана; беткейдің төменгі бөлігінде және шет жақтарына – Сиверс алмасы, сары долана. Көлеңкелі беткейдің барлық бөлігіне Сиверс алмасын, шет жақтарына – орман жаңғағы, алша отырғызу көзделеді. Төменгі биіктік-ауа-райы жолағының эрозияға ұшыраған беткейлеріне төмендегі түрлерді отырғызады: барлық бөлігі қатты және қалыпты оқшауланған беткейлерде – бұтақты шегіршін (теңіз деңгейі биіктігінен 1600 м-ге дейін), көктерек, сары қарақат; ал көлеңкелі беткейге: Сиверс алмасы, сары өрік, Шренк шыршасы, дәріарша; эрозияға ұшыраған беткейлерге тек тамыр жүйесі жабық көшеттер қолданылды.

Зерттелген ағаш және бұта өсімдіктерінің маусымдық даму динамикасын сипаттайтын 2022-2024 жылдардағы фенологиялық бақылаулар жасалынды. Бұл алынған деректер зерттелген таксондардың биологиялық процестері негізінен зерттеу аймағының экологиялық және ауа-райы жағдайларына сәйкес келетіндігін көрсетеді.

Зерттелетін таксондардың зақымдануы аурулармен анықталған жоқ, Сиверс алмасының (жемістің 22–34 %) және Недзвецкий алмасының (16–29 %) жемістері энтомозиянкестермен (жеміс көбелегімен) зақымдалды. Зерттеу жүргізген жылдары барлық өсімдіктер қыстың төмен температурасымен зақымдалмады. Зерттелген ағаш түрлерінде ауру белгілері немесе энтомозиянкестер байқалған жоқ. 1500–1550 м теңіз деңгейінен жоғары, сондай-ақ шығыс, батыс және әсіресе оңтүстік экспозициялардың баурайларында жоғарыда аталған түрлердің орман екпелерін құруды дұрыс деп санамаймыз. Бақылау нұсқасында өсірілген Шренк шыршасының сеппелері әлі стандартты өлшемдерге жеткен жоқ, сондықтан оларды тағы бір жыл өсіру керек. Ағаш өсімдіктерінің түрлерін зерттеу барысында байқағанымыз, еуропалық шырша, тікенекті шырша солтүстік экспозициялардың (солтүстік – шығыс, солтүстік және солтүстік – батыс) баурайларында теңіз деңгейінен 1500 – 1550 м биіктікке дейін орман белдеуінің жабайы жеміс ормандары белдеуінің жағдайында жақсы бейімделгенін көрсетті. Грек жаңғағы, орман жаңғағы, кәдімгі қарағайды да осыны айтуға болады, яғни олардың өсуі мен даму процестері негізінен осы аймақтың климаттық жағдайларына сәйкес келеді. Бүгінгі таңда барлық таңдауларға қарамастан, тұқымдарды өндеуде химиялық заттарды қолдану болды. Өнімділікті арттыру; болашақ өсімдіктердің иммундық жүйесін нығайту; отырғызғаннан кейін тұқымдардағы саңырауқұлақтар мен бактериялардың дамуына жол бермеу. Жылыжайда жасанды суару мен тамырлануды тездететін стимуляторларды қолданған кездегі қалемшелердің орташа тамырлану көрсеткіші, қалемшелердің тәжірибелі түрлер арасындағы байланыс айқын байқалады. Стимуляторларды (бақылау) қолданбай қалемшелердің сақталу деректерін талдау кезінде шыршалардың орташа сақталуы тікенді шыршада 63,8 %-ды құрады. Орташа есеппен есепті кезеңде қылқан жапырақты ағаштардан тікенді шырша қалемшелері жақсы сақталды. Ауа - райы элементтерінің жағдайы туралы мәліметтерге сәйкес қарастырылып отырған ағаш өсімдіктері түрлері фенофазаларының басталуы фенофаза алдындағы екі апталық кезең үшін температуралық жағдайға байланысты өзгеретіні анық дәлелденді. Шренк шыршасы, дәріарша; эрозияға ұшыраған тамыр жүйесі жабық қылқанды көшеттер қолданылды. Ұзақ тіршілік жасайтын жоғары өнімді алқа ағаштарды өсіру, көп жағдайда ағаштардың орналасуына, араластыру әдісі қолданылды. Ағаштарды араластыруды қолданған кезде биологиялық қасиеттері мен сыртқы ортаға әсері анықталды. Ағаш өсімдіктерінің биологиялық қасиеттерінен олардың жарық сүйгіштігі, өсу жылдамдығы және тамыр жүйесінің құрылысы есепке алынады. Жарық сүйгіш және тез өсетін ағаштарды көлеңкеге төзімді, әрі баяу өсетіндермен араластырып отырғызылды.

Жылыжайда Шренк шыршасының көшеттерін өсіру кезінде өсу стимуляторларын пайдалану үш жыл бойы стандартты көшеттерді өндіруге жер үсті массасының өсуінің максималды көрсеткіштері алынды деп қорытынды жасауға болады. Жұқа тамырлар массасымен арақатынасын жақсартады, отырғызу материалының сапасын жақсартады. Вегетативтік жолмен көбейту барысында таңдалған ағаштардың қалемшелері алдын-ала дайындалып, оларды стимуляторларды қолдана отырып отырғызылды. Вегетативтік жолмен көбейту барысында таңдалған ағаштардың қалемшелері алдын-ала дайындалып, оларды стимуляторларды қолдана отырып отырғыздық. Қалемшелердің ең жақсы тамырлануы отырғызылған басқа қалемшелердің санынан “Корневин” стимуляторымен 24-сағат бойы өңделген кезде тікенекті шыршада (65,3 %) нәтиже берді.

## ӘДЕБИЕТ

- Адилбаева Ж.Б., Абаева К.Т., Мырзабаева Г.А., Сламбаева А.Б., Адалқан О., Алламбергенов Т.Д. (2025). Ағаш түрлерін араластыруды жобалау кезінде олардың биологиялық қасиеттері мен сыртқы ортаға әсер // Научно-практический журнал «Ғылым және білім» Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғылыми-практикалық журналы, ISSN 2305-9397. Том 3 №4 (81), 256–270. DOI:10.52578/2305-9397-2025-4-3-256-270 [in Kaz]
- Адилбаева Ж.Б., Майсупова Б.Д., Кентбаева Б.А., Утебекова А.Д., Досманбетов Д.А. (2018). Исследование некоторых древесно-кустарниковых видов, произрастающих в горах Северного Тянь-Шаня // Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты, № 1 (77), 136–141. [in Rus]
- Ахметов Р.С., Майсупова Б.Д., Утебекова А.Д., Досманбетов Д.А. (2019). Способы ускоренного выращивания посадочного материала (*Picea Schrenkiana* Fisch. et С.А. Mey.) // Научно-практический журнал «Ғылым және білім» Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғылыми-практикалық журналы, ISSN 2305-9397, 2(55), 258–262. [in Rus]
- Бусов Л. В. (2019). Эффективность применения стимулятора роста корневин при выращивании сеянцев кедра корейского (*Pinus koraiensis siebold et Zucc.*) в Приморском крае / Л. В. Бусов, Р. Ю. Акимов, В. В. Острошенко // Аграрный вестник Приморья. № 1. С. 59–64. [in Rus]
- Волкович А.П., Носников В.В. (2015). Лесовосстановление и питомническое хозяйство // Минск: БГТУ, 74.
- Досманбетов Д.А., Ахметов Р.С., Майсупова Б.Д., Бектурганов А.Н. (2020). Результат обработки сеянцев растений биостимуляторами роста // Научно-практический журнал «Ғылым және білім» ЗКАТУ им. Жангир хана, ISSN 2305–9397. № 3-2 (60), 150–155. [in Rus]
- Егорова А.В. (2015). Регуляторы роста в процессах прорастания семян и роста сеянцев хвойных пород. Растения в условиях глобальных и локальных природно-климатических и антропогенных воздействий // VIII Съезд об-ва физиологов растений России: тез. докл. Всерос. науч. конф. и школы для молодых ученых, Петрозаводск: КарНЦ РАН,–183.[in Rus]
- Adilbayeva, Zh., Maisupova, B., Abayeva, K., Utebekova, A., Akhmetov, R. (2021). The effect of stimulants on the seed germination and growth of Schrenk's spruce seedlings. OnLine Journal of Biological Sciences, ISSN 1608-4217, USA, 21(2), 354–364. DOI:10.3844/ojbsci.2021.354.364 [in Eng.]
- Zhang Ping, LV Zhao-zhi, Zhang Xin, Zhao Xiang-ping, Maisupova Bagila, Zhnag Yong-guang, Gulzhanat Tanabekova, Adilbayeva Zhanera, Cui Zhi-jun. (2019). Age structure of MALUS SIEVERSII population in ili of xinjiang and KAZAKHSTAN // Arid Zone Research, Vol. 36 (4), Pp. 844 – 853. [in Chinese]
- Кабанова С.А. (2019). Опыт интенсивного выращивания однолетних сеянцев сосны обыкновенной в Павлодарской области Республики Казахстан / С. А. Кабанова, М. А. Данченко, И. С. Кочегаров и др. // Известия высших учебных заведений. Лесной журнал. № 6. С. 104–117[in Rus]
- Кабанова С.А. (2019). Применение стимуляторов для предпосевной обработки семян сосны обыкновенной в ленточных борях Прииртышья / С.А. Кабанова, М. А. Данченко // Лесной вестник. № 6, С. 13–19. [in Rus]
- Кан В.М., Уразбакова У.А., Титов И.Н. (2017). Влияние жидкого препарата гуми-к на продуктивность бобов сои в сероземах Юго-Востока Казахстана // Журнал «Почвоведение и агрохимия». Алматы, 14–22. [in Rus]
- Мамбетов Б.Т., Майсупова Б.Д., Шоманов Ж.Ш., Досманбетов Д.А. (2019). Определение динамики влажности почвы за вегетационный период в зависимости от обработки и механического состава почв // Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. №3 (83), 336 – 342. [in Rus]
- Мурсалимова Г.Р. (2016). Влияние регуляторов роста нового поколения на развитие культурных растений // Бюллетень Оренбургского научного центра УрО РАН. №4, 7–15. <https://doi.org/10.24411/2304-9081-2018-14004> [in Rus]
- Майсупова Б.Д., Келгенбаев Н.С., Досманбетов Д.А., Дуkenov Ж.С. (2018). Характеристика естественного возобновления ельников Северного Тянь-Шаня // Вестник государственного университета имени Шакарима г. Семей. №2 (82), 237–241.[in Rus]
- Майсупова Б.Д., Келгенбаев Н.С., Досманбетов Д.А., Бектурганов А.Н. (2018). Создание лесных культур ели Шренка четырехлетними сеянцами // Вестник государственного университета имени Шакарима г. Семей. №4 (84), 215–219. [in Rus]
- Майсупова Б.Д., Мамбетов Б.Т., Досманбетов Д.А., Утебекова А.Д. (2019). Применение корневой и внекорневой подкормки для однолетних сеянцев ели Шренка // Научно-практический журнал «Ғылым және білім» ЗКАТУ им. Жангир хана, ISSN 2305-9397. № 4 (57), 76 – 81. [in Rus]
- Скозырева И.А. (2019). Эффективность применения стимуляторов роста при выращивании сеянцев сосны обыкновенной / И.А. Скозырева. // Лесотехнический журнал. №3, С. 83-87. [in Rus]
- Смирнова И.Э., Койшибаев М.К., Саубенова М.Г., Кузнецова Т.В., Саданов А.К. (2012). Биологический способ стимуляции роста и защиты сельскохозяйственных растений от фитопатогенных грибов // Инновац. патент РК №24974, бюл. №1, 36 – 42.[in Rus]
- Жигунов А.В. (2021). Влияние освещенности на рост сеянцев с закрытой корневой системой /А.В.Жигунов, А.С. Оплетаев // Международный научно-исследовательский журнал. №11(113)-1. С. 124-12. <https://doi.org/10.23670/IRJ.2021.113.11.022> [in Rus]
- Чеботько Н.К., Хадиев Р.М., Серафимович М.В., Терехова С.В. (2014). Рекомендации по селекционной и генетической оценке основных насаждений // Кокшетау: ИП Устюгов С.А., – 20. [in Rus]

## REFERENCES

- Adilbayeva, Zh.B., Abayeva, K.T., Myrzabayeva, G.A., Slambayeva, A.B., Adalkan, O., Allambergenov, T.D. (2025). Biological properties of tree species and their effect on the environment in the design of mixed plantings. Scientific and Practical Journal “Science and Education” of West Kazakhstan Agrarian-Technical University named after Zhangir Khan, ISSN 2305-9397, Vol. 3, No. 4(81), 256–270. <https://doi.org/10.52578/2305-9397-2025-4-3-256-270>. [in Kaz]
- Adilbayeva, Zh.B., Maisupova, B.D., Kentbayeva, B.A., Utebekova, A.D., Dosmanbetov, D.A. (2018). Study of some woody and shrub species growing in the mountains of the Northern Tien Shan. Searches, Findings. Research, Results, 1(77), 136–141. [in Rus]
- Akhmetov, R.S., Maisupova, B.D., Utebekova, A.D., Dosmanbetov, D.A. (2019). Methods of accelerated cultivation of planting material (*Picea schrenkiana* Fisch. et С.А. Mey.). Scientific and Practical Journal “Science and Education” of West Kazakhstan Agrarian-Technical University named after Zhangir Khan, ISSN 2305-9397, 2(55), 258–262. [in Rus]
- Busov, L. V., (2019). “Efficiency of Using the Growth Stimulator Kornevin in Growing Korean Cedar (*Pinus koraiensis siebold et Zucc.*) Seedlings in Primorsky Krai” (L. V. Busov, R. Yu. Akimov, V. V. Ostroshchenko) // Agrarian Bulletin of Primorye., №1, pp. 59–64. [in Rus]
- Volkovich, A.P., Nosnikov, V.V. (2015). Reforestation and Nursery Management. Minsk: BSTU, 74 p. [in Rus]
- Dosmanbetov, D.A., Akhmetov, R.S., Maisupova, B.D., Bekturganov, A.N. (2020). Results of treating plant seedlings with biostimulants. Scientific and Practical Journal “Science and Education” of West Kazakhstan Agrarian-Technical University named after Zhangir Khan, ISSN

2305-9397, 3-2(60), 150–155. [in Rus]

Egorova, A.V. (2015). Growth regulators in seed germination and conifer seedling growth processes. Plants under global and local natural-climatic and anthropogenic impacts. In: Proceedings of the VIII Congress of the Society of Plant Physiologists of Russia: Abstracts of the All-Russian Scientific Conference and School for Young Scientists. Petrozavodsk: KarRC RAS, p. 183. [in Rus]

Adilbayeva, Zh., Maisupova, B., Abayeva, K., Utebekova, A., Akhmetov, R. (2021). The effect of stimulants on the seed germination and growth of Schrenk's spruce seedlings. OnLine Journal of Biological Sciences, ISSN 1608-4217, USA, 21(2), 354–364 DOI:10.3844/ojbsci.2021.354.364. [in Eng.]

Zhang, P., Lv, Z., Zhang, X., Zhao, X., Maisupova, B., Zhang, Y., Tanabekova, G., Adilbayeva, Zh., Cui, Z. (2019). Age structure of *MALUS SIEVERSII* population in Ili of Xinjiang and KAZAKHSTAN. Arid Zone Research, 36(4), 844–853. [in Chinese]

Kabanova, S. A., (2019). "Experience with Intensive Cultivation of One-Year-Old Scots Pine Seedlings in the Pavlodar Region of the Republic of Kazakhstan" (S. A. Kabanova, M. A. Danchenko, I. S. Kochegarov, et al.). News of Higher Educational Institutions. Forestry Journal. №6, pp. 104–117. [in Rus]

Kabanova, S. A., (2019). "Use of growth stimulants for pre-sowing treatment of Scots pine seeds in ribbon pine forests of the Irtysh region." / S. A. Kabanova, M. A. Danchenko // Forest Bulletin. № 6. Pp. 13–19. [in Rus]

Kan, V.M., Urazbakova, U.A., Titov, I.N. (2017). Effect of the liquid preparation Gumi-K on soybean productivity in grey soils of South-Eastern Kazakhstan. Journal of Soil Science and Agrochemistry, Almaty, 14–22. [in Rus]

Mambetov, B.T., Maisupova, B.D., Shomanov, Zh.Sh., Dosmanbetov, D.A. (2019). Determining soil moisture dynamics during the growing season depending on tillage treatment and soil mechanical composition. Searches, Findings. Research, Results, 3(83), 336–342. [in Rus]

Mursalimova, G.R. (2016). Effect of new-generation growth regulators on the development of cultivated plants. Bulletin of the Orenburg Scientific Centre of the Ural Branch of the Russian Academy of Sciences, 4, 7–15. <https://doi.org/10.24411/2304-9081-2018-14004> [in Rus]

Maisupova, B.D., Kelgenbayev, N.S., Dosmanbetov, D.A., Dukenov, Zh.S. (2018). Characteristics of natural regeneration of spruce forests in the Northern Tien Shan. Bulletin of Shakarim State University of Semey, 2(82), 237–241. [in Rus]

Maisupova, B.D., Kelgenbayev, N.S., Dosmanbetov, D.A., Bekturganov, A.N. (2018). Establishment of Schrenk's spruce forest plantations using four-year-old seedlings. Bulletin of Shakarim State University of Semey, 4(84), 215–219. [in Rus]

Maisupova, B.D., Mambetov, B.T., Dosmanbetov, D.A., Utebekova, A.D. (2019). Application of root and foliar fertilization for one-year-old Schrenk's spruce seedlings. Scientific and Practical Journal "Science and Education" of West Kazakhstan Agrarian-Technical University named after Zhangir Khan, ISSN 2305-9397, 4(57), 76–81. [in Rus]

Skozyreva, I. A., (2019). "Efficiency of using growth stimulants in growing Scots pine seedlings." / I. A. Skozyreva // Forest Engineering Journal. №3. – Pp. 83-87. [in Rus]

Smirnova, I.E., Koishibayev, M.K., Saubenova, M.G., Kuznetsova, T.V., Sadanov, A.K. (2012). Biological method for stimulating growth and protecting agricultural plants from phytopathogenic fungi // Innovative Patent of the Republic of Kazakhstan, No. 24974, Bulletin No. 1, 36–42. [in Rus]

Zhigunov AV. (2021). Effect of illumination on the growth of seedlings with a closed root system / AV Zhigunov, AS Opletaev. //International Research Journal. №11(113) – 1. P.124-128. <https://doi.org/10.23670/IRJ.2021.113.11.022>

Chebotko, N.K., Khadiev, R.M., Serafimovich, M.V., Terekhova, S.V. (2014). Recommendations for the Selection and Genetic Assessment of Pine Stands // Kokshetau: IE Ustyugov S.A., P.20. [in Rus]

**Адилбаева Жанера Бекенқызы** - кіріспе, зерттеу мақсаты бөлімдеріне.

**Игембаева Айнура Қанатқызы** - көп еңбек етсе, далалық және зертханалық зерттеулер жүргізіп, эксперименттік мәліметтерді және оны талдау бөлімінде.

**Мырзабаева Гулнар Азимбаевна, Сламбаева Адина Болатовна, Алламбергенов Танжарбай Даулетмуратович** - барлық нәтижелерді ғылыми басылымды дайындады.

# RESEARCH, RESULTS

SCIENTIFIC JOURNAL

# ІЗДЕНІСТЕР, НӘТИЖЕЛЕР

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

# ИССЛЕДОВАНИЯ, РЕЗУЛЬТАТЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

## Құрылтайшысы және баспагері:

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы» КЕАҚ

## Бас редактор

Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлы

## Жауапты редактор

Мрзабаева Раушан Жалиевна

## Компьютерде беттеген

Асанова Жадыра Миримхановна

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғылы, 8

Журнал сайты: <https://journal.kaznaru.edu.kz/>

30.04.2026 ж.